



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

(в США и Канаде) и в обрабатывающей промышленности (в Мексике).

В качестве одного из первоочередных направлений развития интеграционных процессов с участием НАФТА США рассматривают страны Латинской Америки. Карибский и Центральноамериканский регионы в настоящее время более интегрированы в НАФТА, чем со своими партнерами по группировкам, не только по линии торговли и финансов, но и на более глубоком уровне производственной интеграции [6, с.94].

Подводя итоги, отметим, что к особенностям североамериканской интеграции можно отнести малое количество государств (три государства), участвующих в интеграции. Причем одно из них – США - является доминирующим в данной тройке, как в экономическом, так и в политическом отношении. Как обозначалось выше, каждое государство преследует свои цели при интеграции, то есть нельзя говорить о единой цели или стратегии интеграции. Среди других особенностей североамериканской интеграции – проведение интеграции «снизу», «стихийный характер интеграции» [7, с. 6-7].

Таким образом, можно выделить тот факт, что североамериканский интеграционный процесс является одним из лидирующих среди всех интеграционных группировок мира. Его важнейшая составляющая, а именно НАФТА, в перспективе может стать основой будущей Межамериканской зоны свободной торговли (ФТАА), создание которой пока откладывается. Учитывая то, что США является одной из самых мощных стран в экономическом и политическом плане, процесс интеграции на североамериканском пространстве всегда будет находиться под пристальным вниманием всего мира

Список использованных источников:

1. World Trade Organization//<http://www.wto.org>
2. Щербанин Ю.А., Рожков К.Л., Рыбалкин В.Е., Фишер Г. Международные экономические отношения. Интеграция (учебное пособие). – Москва: “Банки и биржи” Издательское объединение “ЮНИТИ”, 1997.
3. Hufbauer G.C, Schott J.J. NAFTA Revisited: Achievements and Challenges, 2005.
4. Maxwell A. Cameron, Brian W. Tomlin The making of NAFTA: how the deal was done. Cornell University Press, 2002.
5. Мурадов К.Ю. Региональные соглашения о свободной торговле. // МЭ и МО, 2006, №7.
6. Интеграция в Западном полушарии /Отв. ред. А.Н. Глинкин. - М.: ИЛА РАН, 2000.
7. Комкова Е.Г. Североамериканская модель интеграции //США и Канада: экономика, политика, культура, 2011, № 10, с. 3-20.

УДК 327.87.00.56

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЛЕШЕГІ МЕН ОНЫҢ КЕҢЕЮ МҮМКІНДІГІ

Казмукашева Жанна

sajasata@mail.ru

Халықаралық қатынастар факультетінің 2 курс магистранты

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана

Ғылыми жетекшісі – А.Ж. Турханова

Еуразия кеңістігінде көптеген посткеңестік мемлекеттер үшін бұрынғы Кенес Одағы республикаларымен интеграциялық қарым-қатынас орнату басым бағытқа ие. Ресей президенті В.В.Путин өз мақаласында «Еуразия үшін жаңа интеграциялық жоба – ол бүгіннен бастау алатын болашақ» деп, 2012 жылы қаңтардың 1-ші жұлдызында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының үш мемлекеті – Қазақстан, Ресей және Белоруссияның ортақ интеграциялық маңызды – Біртұтас экономикалық кеңістік (БЭК) жобасының бастау алғанын

атап өтті.

Берілген интеграциялық жобаның жаңа сапалы деңгейге көтерілуімен қатар, экономикалық дамудың мүмкіндіктері кеңінен жайылып, қосымша бәсекеге түсудегі оның артықшылықтары пайда бола бастады. Бұл қуатты интеграциялық бірлестік – жаһандық экономика мен сауда жүйесіне енгізіп қана қоймай, әрі болашақтың сұлбасын анықтайтын шешім шығару үрдісіне қатысуға мүмкіндік жасайды.

Интеграциялық үрдістегі маңызды рөлге әр түрлі саяси институттар ие: мемлекет басшылары, ел парламенті, үкімет, азаматтық қоғамның институттары. Мұндай үдерістердегі едәуір рөлдер кедендік органдарға берілген. Сондықтан, Кедендік одақ (КО) пен КО шеңберіндегі Ресей Федерациясының федералдық кеден қызметінің (ФКК) алғашқы нәтижелеріне тоқталып өткенді жөн көрер едім.

Үш мемлекет басшыларының саяси еріктері 2 жыл ішінде барлық мүмкін болатын тосқауылдарды жеңіп, Кедендік одақты құруларына мүмкіндік берді. Мемлекет өкілдері арқылы Кедендік одақты құратын заңнамалық, нормативті, ұйымдастырушылық, институционалдық және ақпараттық жұмыстарды жасау мақсатында үлкен іс атқарылды. Одақтың құқықтық-шарттық негізі жасалынды, Кедендік одақ институтының қызметінің қажеттіліктері қалыптастырылды, тарифті, тарифті емес және кедендік реттеудің бірыңғай жүйелері құрылды, техникалық реттеу аясында – саясатпен келісілген басшылықпен қамтамасыз етілді, санитарлы, фитосанитарлы бақылаушараларын қолдану іске асырылды.

Жоғарғы еуразиялық экономикалық кеңес пен (ЕЭК) Еуразиялық экономикалық комиссия ЕЭО-тың басқару органдары болып табылады. ЕЭК-ны құру туралы шешімнің негізінде, барлық қатысушы мемлекеттер жаһандық тұрақсыздықтың зардаптарын төмендетіп қана қоймай, сондай-ақ өзін сыртқы нарықта белсенді түрде жайғастыра алды. Негізгі ұлттық құрылымдардың орындары анықталды: Мәскеуде – ЕЭК, Минскіде – Еуразиялық сот, ал Алматыда – Қаржы орталығы орналастырылды.

Жоғарғы Еуразиялық экономикалық кеңес – ЕЭО-тың ұлттық органы болып саналады. Кеңестің құрамына мемлекет және үкімет басшылары кіреді. Жоғарғы кеңес – жылына 1 рет мемлекет басшылығының деңгейінде жиналып тұрады. Шешімдер консенсус арқылы қабылданады. Қабылданған шешім барлық қатысушы-мемлекеттер орындауға тиіс міндетке айналады. Кеңес құрылымдарды реттейтін құрам мен өкілеттілікті белгілейді.

Еуразиялық экономикалық комиссия ЕЭК-тің тұрақты реттеуші органы болып саналады. ЕЭК-ның басты міндеті – ЕЭО-тың дамуы мен қызмет етуіне жағдай жасау, сонымен қатар экономикалық интеграцияның бастамасын дайындау.

Еуразиялық Экономикалық комиссияның өкілеттілігі 2010-шы жылғы 18-ші қарашадағы Еуразиялық Экономикалық комиссия шартының 3-ші бабында белгіленген. Кедендік одақ Комиссиясының барлық бұрынғы құқықтары мен міндеттері Еуразиялық экономикалық комиссиясы арқылы берілді.

Комиссия күзіретіне:

- кедендік тарифтер мен тарифтік емес реттеу;
- техникалық реттеу;
- санитарлы, фитосанитарлы шарттар;
- шеттен әкелінген кедендік бажды есептеу және бөлу;
- сыртқы және ішкі сауданың статистикасы;
- макроэкономикалық саясат;
- мемлекеттік және муниципалды сатып алу;
- валюталық саясат;
- интеллектуалды меншік пен авторлық құқық;
- миграциялық саясат және т.б.

Комиссия – Еуразиялық экономикалық қауымдастықтың құқықтық негізін құрайтын халықаралық шарттардың жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді, сонымен қатар Жоғарғы еуразиялық экономикалық кеңестің шешімдер мен одақтың құқықтық негізін құрайтын халықаралық шарттардың депозитаріі болып саналады.

Экономикалық одақтың тиімді әкімшілік басқаруы өз нәтижесін – ЕЭО шеңберіндегі мемлекеттердің интеграциялануынан туындайтын, макроэкономикалық әсер ретінде береді, яғни бұл мыналардың есебінен туындайды:

- шикізат тасымалдау шығынының азаюы арқасында немесе дайын өнімді экспорттау арқасында тауарлардың бағасын төмендету;

- экономиканың бірдей деңгейде дамуы арқылы, ЕЭО-тың ортақ нарығындағы бәсекелестікті ынталандыру;

- еңбек өнімділігінің артып, шығындардың азаюына байланысты орташа жалақының жоғарылауы;

- халықтың жұмыспен қамтылуын ұлғайтып, әрі азық-түлік бағасын төмендету нәтижесінде, ЕЭО мемлекет халықтарының әл-ауқатын арттыру;

- нарық көлемінің үлкеюіне байланысты жаңа технологиялардың және тауарлардың өтелімділігін көтеру, және т.б. [1, 74 б.].

Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың жобасын жасау барысында, типтік қателіктерді болдырмау және белоруссия, ресей, қазақстан компанияларының интеграциялануына мүмкіндік туғызатын бірқатар негізгі ережелердің қалануы маңызды болып есептелінді. Осылайша, Одақтың ғаламдық бәсекеге қабілеттілігін арттырудың алғышарттары жасалынады. [1, 61 б.].

ЕЭО құру туралы шарттың қол қойылған нұсқасы ымыралы түрде болды, сол себепті кейбір шаралар толыққанды түрде жүзеге асырылмады. Сондай-ақ, ЕЭК мен Еуразиялық экономикалық сотуағдаластықтың сақталуын қадағалайтын толыққанды өкілеттіліктері болмады. Егер ЕЭО қаулысы орындалмаса, онда талас мәселені – шешімі кепілдемелік мәнге ие Еуразиялық экономикалық сот қарастырады, ал соңғы шешім мемлекет басшыларының кеңесі дәрежесінде қарастырылады. Сонымен қатар, бірыңғай қаржы секторын құру туралы өзекті мәселені, сауда саласындағы энергия тасымалдаушылары арқылы, ЕЭО қатысушылары арасында саудаға шектеу қою мәселелері 2025 жылға дейін кейінге шегерілді.

Әсіресе, АҚШ пен ЕО жаңа санкцияларын енгізіп жатырған уақытта, ал Украинада әлеуметтік-экономикалық жағдай тұрақсызданған жағдайда, қазір Ресей үшін Азия кеңістігінде интеграциялану жобасының дамуы айтарлықтай маңызды болып отыр. Ресей, өзінің көршілес мемлекеттері – Белоруссия мен Қазақстанның бірігуі арқылы табысқа жетіп отыр. 178 млн-ға жуық адамды біріктіретінірі аймақтық нарық, әрі экономикалық дамудың күшті орталығы дамуда. Әлемдегі газ қорының бесінші бөлігі мен шамамен мұнайдың – 15%-ы ЕЭО-қа тиесілі, ал оның географиялық орналасқан жері – көлік, логистикалық бағыттарды құруға жағдай жасайтын трансконтинентальды, өңірлік мәнге ие. [1, с. 70].

Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаевтың берген бағасына сүйенетін болсақ, 2030-шы жылы интеграцияның ұлғаюы барысында шамамен 900 млрд. долларды құрауы мүмкін. Қазірдің өзінде ЕЭО мемлекеттерінің ЖІӨ жиынтығы ТМД ЖІӨ-нің 85%-ын құрайды.

Дегенмен, ЕЭО 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап жұмыс істей бастады, оның экономикалық жүйесі ұзақ уақыт бойы қалыптасады, ал ең басты мақсаты интеграциялануы, прогрессивті және бәсекеге қабілетті болуы болып саналады. Сонымен қатар, ЕЭО-ты құруда, оның нормалары ДСҰ-ның ережелерімен сәйкес орындалды.

ЕЭО-тан түскен пайда оның мүшелерінің арасында тепе-тең бөлінбейді. ЕЭО-қа мүше серіктестеріне жол беру – ол белгілі бір дәрежеде Ресейдің бірігуіне байланысты төлемі деп есептеледі. Осыған байланысты нақты есеп жоқ, бірақ кейбір жанама бағасы бар. Осылайша КО шеңберінде жасалынатын сауда серіктестігі – Белоруссияның ұлттық экономикасы үшін маңызды: Кедендің Одаққа мүше мемлекеттермен өзара сауда қатынасы – оның сыртқы саудасының 46,4% құрады, екінші орында – Қазақстан (мемлекеттің сыртқы саудасының көлемі 18,2%), үшінші орында – Ресей (7,5%). Осыған сүйене отырып, көп ұтып тұрған Белоруссия, Қазақстан одан екі есе кем, ал Ресей посткеңестік интеграциялық жобаның «демеушісі» болып саналады. Ресей Белоруссияға еркін сауда, энергия тасымалдаушыны

экспортқа шығару мүмкіндігін жоғарылатуға байланысты бірқатар жеңілдіктерге барды. Ресей, мүмкін болатын шығындардан бұрын интеграциялық бірігудің келешегі мен тиімділігін жоғары қойып, ымыраға келді.

2014 жылы өзара сауда көлемінің төмендеуіне 3 нәрсе ықпал етті, олар:

- Қазақстанмен мұнай және мұнай өнімдерімен сауда форматының өзгеруі;

- ЕЭО мемлекеттеріндегі экономикалық жағдайға байланысты инвестициялық тауарларға сұраныстың төмендеуі;

- ДСҰ аясында импорттық тауарлар бәсекелестігінің күшеюі.

Біздің ойымызша, еуразиялық интеграциялық жобаның Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа айналуы арқылы жаңа деңгейге көтерілуі – одаққа мүше мемлекеттердің экономикасының дамуына әсер етеді. ЕЭО құру туралы келісім-шартты жүзеге асыру барысында ЕЭК-нің ұлтүсті органдары мен Еуразиялық соттың жұмыстары жүргізілді, нәтижесінде ымыралы сипатқа ие болды. ЕЭО қызмет жасағалы бері оның оң және теріс тенденциялары байқалды. Сонымен қатар, еуразиялық интеграциялық жоба үшін, өндіруші мемлекеттердің бәсекеге қабілеттілігінің арқасында жеке нарыққа ие болу – минималды міндеттердің бірі. Ал ең басты міндет – сыртқы нарықта бағдарын күшейту.

ЕЭО-қа мүше мемлекеттер тек ғылыми-техникалық, инновациялық, үйлестірілген, өнеркәсіптік, экономикалық саясатқа қол жеткізсе ғана жаһандық бәсекеге төтеп бере алады.

Егер Ресей бұрынғы кеңес республикаларымен ұзақ мерзімде серіктес болғысы келсе, ол міндетті түрде Еуразиялық экономикалық одақ жобасының – яғни олардың саяси суверенитетінің мызғымастығы, аумақтық тұтастығы, тіл ортақтығы, тең дәрежедегі әріптестікке негізделген посткеңестік мемлекеттердің интеграциялануының жаңа түрі екендігін дәлелдеуі қажет.

Болашақта мемлекеттердің экономикалық интеграциялануын одан әрі дамытатын маңызды фактор – бірыңғай валютаны енгізу болып табылады. Алайда саяси интеграциясыз бұл мүмкін емес. Осы жағдайға байланысты келіссөздерді жүргізуде тудырған басты сұрақ – эмиссиялық орталық. Ресей эмиссиямен РФ-ның Орталық Банкі айналысуын ұсынды, алайда Белоруссия екі орталықты ұсынды. Алдымен тәуелсіз орталық, ұлтүсті саяси структуралар қажет. Орташа мерзімдегі перспективада ЕЭО мүшелерінің жеке валютасын жасауы белгісіз. Осыған байланысты мемлекеттер арасында саяси және экономикалық сферада айырмашылықтары үлкен болғандықтан консенсусқа қол жеткізулері екі талай.

Сонымен қатар банк сферасындағы қиыншылықтар да барабар. Тек 2025 жылға қарай одақ мемлекеттерінің аумағында банк қызметін реттейтін және бақылайтын бірыңғай мегареттеуші іске қосылуы қажет. ЕЭО-қа мүше мемлекеттерде банктік, сақтандыру лицензиялары мен нарықтағы құнды қағаздардың қызметі өзара мойындала бастайды. Мысалы, көршілес мемлекеттердің аумағында бизнесті жүргізу үшін қазіргідей еншілес бөлімше ашып, жергілікті Орталық банктен лицензия алудың керегі болмайды, тек филиал ашылса жеткілікті [1,75 б.].

ЕЭО-ның келешектегі өмірі оған мүше мемлекеттер санының көбеюімен байланысты. Жоғарыда атап өткендей, қазіргі таңда еуразиялық интеграцияның құрамы толықты: яғни, 2015 жылдан бастап ЕЭО-ның құрамына Армения, ал 2015 жылдың 29 мамырынан бастап Қырғызстан енді.

Еуразиялық экономикалық одақ пен Кеденді одақ Қырғызстан мен Армения үшін пайдалы. Кейбір есептерге сүйенсек, Ресейдің Қырғызстан экономикасына КО экономикасымен үйлесім табу үшін 500 млн доллар көлемдегі ақша салды. Одан басқа ресей банктерінің кредиті мен Еуразиялық экономикалық қауымдастығының қаржы құралдары, сондай-ақ басты акционер Ресей болып табылатын ЕЭО-ның дағдарысқа қарсы қор арқылы жүздеген миллион доллар көлемінде қаржы жұмсалынды.

Қырғызстан үшін жағдай ойлағаннан да қиынырақ. Яғни, Қырғызстан тарапынан ЕЭК уәкілдігінің шегінен шығатын бірнеше сұрақтар туындайды және олар тек Қырғызстан мен ЕЭО-қа мүше мемлекеттер деңгейінде ғана шешілуі мүмкін [2,55б.].

Бейтарап Өзбекстан мен Түркменстан Ресейден алшақ экономикалық және саяси

эмансипация саясатын ұстанады. Олардың қарым-қатынасында Украинадағы соңғы болған жағдай айтылады. Өзбекстан президенті И.А.Каримовтың ЕЭО құру туралы келісімді сынға алғаны бәрімізге мәлім: «олар тек экономикалық нарықты құрып жатқандарын және тәуелсіздіктен бас тартпайтындығын айтады. Айтыныздаршы, саяси тәуелсіздіктің экономикалық тәуелсіздіксіз болуы мүмкін бе?».

Сонымен қатар, әзербайджандық, қазақстандық және өзбек табиғи газдары трансұлттық газ құбыры, яғни Пекин арқылы белсенді түрде жүргізіліп жатырған «Жібек жолының экономикалық белдеуі» жобасы «Қытай – Орталық Азия» арқылы «Газпром» мен «Роснефть» қатысуымен тасымалданатын бірнеше маңызды жобалар бар [3,123 б.].

ЕЭО-тың бір кемшілігі құрамында Украинаның болмауы. Ол өзінің миллионға жуық халқымен, әртараптандырылған экономикасымен және Ресеймен тарихи берік өнеркәсіптік байланыстарымен бұл қоғамдастықты одан әрі күшті әрі перспективті бірлестікке айналдырушы еді. Ендігі Украинамен интеграциялануды елестетудің өзі қиын.

Украинаны мықты қатысушы ретінде жоғалтуы елеулі. Ресей экспортында Украинаның үлесі 4,5-6%, ал оның тауар құрылымы ЕЭО-тың басқа мемлекеттеріне қарағанда әртараптандырылған. Украинаның экспорты Ресейдің үлесі 11%, ал импорт -10% құрайды.

ТМД-ның бірқатар мемлекеттері – Украина, Молдова және Грузия – бұл жобаны құптамайды, олар Еуроодақпен интеграциялануды қолдайды. Олар әлдеқашан ЕО-пен қауымдастық туралы келісімге қол қойды.

Еуразиялық одақтың Еуроодақпен және басқа да мемлекетаралық интеграциялық қауымдастықтармен өзара әрекеттесуін елестету мүмкін емес. Сондай-ақ, ЕЭО ЕО-тың аналогы ретінде дами алмайды. ЕО-тың интеграциясы мүлде басқа аранда дами бастады, яғни 40 жыл бойы бірыңғай құқықтық, экономикалық, әлеуметтік кеңістік құрыла бастады. ЕО-пен ортақ экономикалық кеңістік құру арқылы жұмыстың жалғасын табуға болады, алайда Ресей – ЕО форматында емес, ендігі ЕО-ЕЭО форматында.

ЕЭО көптеген посткеңестік әлемнің мүддесіне айналатын, еуропаның интеграциялық жобасы –Еуроодақ пен Қытай арасындағы көпірге айналуы тиіс[4].ЕЭО аясы ұлғайған уақытта, ол дүниежүзілік экономиканың ірі субъектісіне айналып, әрі соңғы 10 жылда әлемдік шаруашылықтағы қалыптасқан қателіктерді жоя алады.

Келешекте ЕЭО-ның құрамына Орталық Азияның көптеген мемлекеттерінің кіруі мүмкін екенін атап өткен жөн. Олар үшін әлеуметтік-экономикалық мәселелердің, соның ішінде экономиканың модернизациялануы, ірі сыртқы еңбек миграциясы, жаһандық бәсекемен сәйкес басқа да қиындықтардың шешімі табылар еді.

Заманауи саяси жағдай ЕЭО қызметіне кері әсерін тигізуі мүмкін. АҚШ пен ЕО тұрғысынан халықаралық санкциялардың өсуі мен Ресей экономикасының құлдырауы – Ресейдің бұрынғы одақтас республикаларының алдында өз деңгейін сақтап қалу мүмкіндігіне кедергі жасап, ақыр соңында бірқатар маңызды, соның ішінде «Газпром», «Роснефти» және т.б. секілді жобалардың тұжырыуына әкеліп соғуы мүмкін.

Еуразиялық экономикалық одақ – өте маңызды перспективалы жоба. Болашақта мемлекеттердің экономикалық интеграциялануын алға жылжытуда – бірыңғай валютаны енгізу мен банк саласын жетілдіру басты фактор болып табылады. алайда ЕЭО-тың келешектегі перспективасы оның құрамына енетін қатысушы-мемлекеттер санының өсуімен байланысты.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Зиядуллаев, Н. Евразийский экономический союз: проблемы и перспективы / Н. Зиядуллаев // Экономист. – 2014. – № 10. – С. 70–78.
2. Христенко, В. «Серые зоны» Таможенного союза – результат недоинтеграции / В. Христенко // Эксперт. – 2014. – № 4 (883). – С. 49–55.
3. Евразийские интеграционные проекты в восприятии постсоветских стран и Китая / под общ. ред. канд. полит. наук Е. М. Кузьминой. – М. : ИЭ РАН, 2013. – 226 с.
4. Основные итоги инвестиционного сотрудничества России и Китая.-URL: http://www.ved.gov.ru/exportcountries/cn/cn_ru_relations/cn_rus_projects/